

Ерейментау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № А-9/443 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 9 қазанда № 3831 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қазандағы № а-10/335 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 12.10.2017 № а-10/335 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылған Ерейментау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Қ.Көшкінбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Мұханбеджанов

Ерейментау ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 29 тамыздағы
№ а-9/443 қаулысымен
бекітілді

Ерейментау ауданында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-аналардың төлем мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 13.09.2016 № а-9/388 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ауданның атауы	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру ұйымы тәрбиеленушілердің саны			Мектепке дейінгі мекемелерде айына (теңге) жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері		
Ерейментау	Бала бақша	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Бала бақша	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық
мемлекеттік	190	0	520	23869,7	0	8460,8
жеке меншік	80	10	0	23869,7	16921,6	0

Ауданның атауы	Бір тәрбиеленушіге айына (теңге) шығындардың орташа құны			Мектепке дейінгі мекемелерде айына (теңге) ата-аналар төлемінің мөлшері		
Ерейментау	Бала бақша	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Бала бақша	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық
мемлекеттік	23869,7	0	8460,8	10000	0	0
жеке меншік	23869,7	16921,6	0	18000	3000	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК